

ӘОЖ 334

А.Ф. Фазылбаева

I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.  
E-mail: Alsou\_0707@mail.ru

### **Шағын бизнесті мемлекеттік қолдаудағы негізгі бағыттары мен проблемалары**

Қазақстанда шағын кәсіпкерлікті қолдау жүйесі қалыптасты және әлде де қызмет етуде. Бұл мәселемен Индустрия және сауда министрлігі, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қаржы министрлігі, Табиғи монополияларды реттеу агенттігі, Статистика жөніндегі агенттігі және атқарушы биліктің басқа да органдары мемлекеттік деңгейде айналысады.

Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік және өңірлік қорлары құрылған. Дегенмен Қазақстанда шағын кәсіпкерлік қызметін қолдау бойынша қызмет ету саласы біркелкі дамып жатқан жоқ. Әлемдік тәжірибе көрсететіндей, оның табысты дамуы мемлекеттік қолдауға, осы қызметтерді қажет ететін кәсіпкерлерге, жеке кәсіпкерлікті дамытуды көздеген тұлғалар тең дәрежеде тәуелді. «Қазақстан-2050» стратегиясында ұлттық экономиканың жетекші күші саналатын кәсіпкерлікті жан-жақты қолдауға баса мән берілді. Бизнестің тынысын тарылтып тұрған әкімшілік кедергілер тағы да азайтылады, кәсіпорындардың өсіп-өркендеуіне жасанды бөгет жасайтын мемлекеттік қызметтерді жазалау механизмі қатаңдатылады. Осындай қамқорлықтың арқасында, шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 2030 жылға қарай, аз дегенде екі есе өсуі тиіс. Тәуелсіздік алған жылдары басталған экономикалық модернизация бүгінде қолтығы сөгілген жабағыдай жұлқынып тұр. Дүркін-дүркін бағдарламалар қабылданды. Қадау-қадау жоспар, жобалар жүзеге асты. Соның нәтижесінде, экономиканың екпіні артты, бойға қуат бітті.

**Түйін сөздер:** шағын кәсіпкерлік, мемлекеттік бағдарлама, банктік жүйе, салықтық тариф, шетелдік инвестиция.

A. F. Fazylybayeva

### **The main tendencies and problems of state support of the small enterprise**

In Kazakhstan the system of business support has been This question is worked through on the state level by the Ministry of Industry and Trade, the Ministry of Economics and Budget Planning, the Ministry of Finance, Agency of Natural Monopolies, Statistics Agency and other executive authorities.

To support small business some state and local funds have been created. Nevertheless in Kazakhstan to support small business this field is not developed evenly. According to the world experience, its development is connected with state support, with requirements of this activity from businessmen, persons interested in development of individual business. In strategy Kazakhstan-2050 "all-round business support.s as leading power of national economics is of great value. In addition the obstacles from administration will decrease, mechanisms of strict measures of state activity on man-made obstacles in development of enterprises will be taken. In connection with such support by 2030 a part of small and medium business in economics should be increase at least twice. Economic modernisation started with independence requires solving a lot of problems. Numerous programs have been accepted. Some kinds of plans and projects have been realized. Therefore economic breakthrough has increased, power has appeared.

**Keywords:** small enterprise, state program, bank system, tax tariff, foreign investments.

А.Ф. Фазылбаева

### **Основные направления и проблема государственной поддержки малого предпринимательства**

Рассмотрены направление, проблемы и виды малой предпринимательской деятельности. Указаны основные факторы для развития предпринимательства. Изменение в банковской системе. Согласно Закона РК «О лицензировании» рассмотрены виды предпринимательской деятельности. На основу взяты получение кредитного ресурса для субъектов малого и среднего предпринимательства.

**Ключевые слова:** малые предпринимательства, государственная программа, банковская система, налоговый тариф, иностранные инвестиции.

Болашақты алыстан болжайтын стратег саясаткер Нұрсұлтан Әбішұлы мемлекетіміздің 2050 жылға дейін ең жоғары дамыған 30 мемлекет қатарына енуін ұлттық саяси даму стратегиясына негіз ете отырып, осы уақыт ішінде бағындырылуға тиісті жеті басымдылықты белгілеп берді. Олар: жаңа бағыттың экономикалық саясаты, кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау, әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері, білім және кәсіби біліктілік, мемлекеттілікті, қазақстандық демократияны дамыту, саликалы сыртқы саясат, жаңа қазақстандық патриотизм. «Алдымен, экономика, содан соң саясат», деген қазақстандық даму формуласы өміршеңдігін дәлелдеп келеді. Тәуелсіздік алған жылдары басталған экономикалық модернизация бүгінде қолтығы сөгілген жабағыдай жұлқынып тұр. Дүркін-дүркін бағдарламалар қабылданды. Қадау-қадау жоспар, жобалар жүзеге асты. Соның нәтижесінде, экономиканың екпіні артты, бойға қуат бітті. Тәуекелшіл экономиканың басты жауы саналатын қаржылық дағдарыстың екі толқынына төтеп бердік. Тек банк секторы, құрылыс индустриясы секілді бұтақтарын теңселтіп кетіп еді, қазір Үкімет қамқорлығының арқасында, олар да есін жинап, ел қатарына қосылып қалды. «Жаһандық дағдарыстың әсерінен әлемде болып жатқан өзгерістер бізді үрейлендірмейді. Біз оларға дайынбыз. Біздің ендігі міндегіміз – егемендік жылдары қол жеткізгеннің барлығын сақтай отырып, ХХІ ғасырда орнықты дамуды жалғастыру», – деді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев биылғы жолдауында. «Қазақстан-2050» стратегиясында ұлттық экономиканың жетекші күші саналатын кәсіпкерлікті жан-жақты қолдауға баса мән берілді. Бизнестің тынысын тарылтып тұрған әкімшілік кедергілер тағы да азайтылады, кәсіпорындардың өсіп-өркендеуіне жасанды бөгет жасайтын мемлекеттік қызметтерді жазалау механизмі қатаңдатылады. Осындай қамқорлықтың арқасында, шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 2030 жылға қарай, аз дегенде екі есе өсуі тиіс. [1]

Қазақстанда шағын кәсіпкерлікті қолдау жүйесі қалыптасты және әлде де қызмет етуде. Бұл мәселемен Индустрия және сауда министрлігі, экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қаржы министрлігі, Табиғи монополияларды реттеу агенттігі, Статистика жөніндегі агенттігі және атқарушы биліктің

басқа да органдары мемлекеттік деңгейде айналысады.

Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік және өңірлік қорлары құрылған. Дегенмен, Қазақстанда шағын кәсіпкерлік қызметін қолдау бойынша қызмет ету саласы біркелкі дамып жатқан жоқ. Әлемдік тәжірибе көрсететіндей, оның табысты дамуы мемлекеттік қолдауға, осы қызметтерді қажет ететін кәсіпкерлерге, жеке кәсіпкерлікті дамытуды көздеген тұлғалар тең дәрежеде тәуелді.

«Шағын кәсіпкерлік» туралы ҚР Заңына сәйкес, жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау – жеке кәсіпкерлікті ынталандыру, Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік бастаманы жүзеге асыру үшін құқықтық, әлеуметтік және экономикалық жағдайлар жасау бойынша мемлекеттік шаралар кешені, ал жеке кәсіпкерлік инфрақұрылымы – шағын кәсіпкерлік қызмет етудің және дамуының жалпы жағдайларын қамтамасыз ететін ұйымдар кешені [2].

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары:

а) шағын кәсіпкерлікті реттеу жөніндегі заңдарды жетілдіру;

ә) жеке кәсіпкерлікті құру мен дамыту орталықтарын, кәсіпкерлік инкубаторлар, технологиялық парктер, индустриалдық аймақтар және шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымының басқа да объектілерін құру;

б) бюджеттік қаражаттар есебінен шағын кәсіпкерлік субъектілерін оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету.

в) шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мемлекеттік органдар қарамағында шағын кәсіпкерлікті дамыту бойынша мәселелерді зерттеу және шағын ұсыныстарды әзірлеу бойынша ғылыми-зерттеу институттарын құру жолдармен жүргізілетінін анықтайды;

г) шағын кәсіпкерлікті қолдаудың және дамытудың қаржылық институттарын құру;

ғ) кәсіпкерлік-инкубатор және индустриялық аймақтардың қызметін ұйымдастыру;

д) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жер учаскелерін, құрылыстарды сату [3].

Бүгінгі күнде шағын кәсіпкерлікті қолдау саласында түрлі институттар бар. Қазақстанда шағын кәсіпкерлікті қолдау механизмдері шағын кәсіпкерлікті қолдаудың сараланып дамыған инфрақұрылымы арқылы жүргізіледі. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін тұрақтануын және

қалыптастыруын ынталандыру үшін мемлекеттік даму институттары құрылған.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту механизмдері келесі жолдармен жүзеге асырылады:

- қаржылық көмек көрсету;
- шағын кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын ұйымдастыру;
- кәсіпкерлік-инкубаторлар қызметін ұйымдастыру;
- ШКС бір жылдан астам уақытта қолданбаған мемлекеттік меншік объектілерін сенімді басқаруға немесе жалға беру;

– ШКС ҚР Үкіметі бекіткен тәртіппен келісімге отырғаннан кейін бір жылдан астам уақыттан соң өнеркәсіптік өндірісті ұйымдастыруға сенімді басқаруға немесе жалға берілген объектілерді қайтарымсыз негізде беру.

Берілген шарттар сауда-делдалдық қызметтерді жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне таратылмайды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржылық қолдау мына жолдармен жүзеге асырылады:

а) мемлекеттік қажеттіліктер үшін тауарлардың (жұмыс, қызмет) көлемін кепілді сатып алу. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алынатын тауарлардың (жұмыс, қызмет) номенклатурасы, олардың көлемін жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді;

ә) екінші деңгейлі банктер арқылы несиелендіруді ұйымдастыру;

экономика салаларында әлеуметтік маңызды жобаларды ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін мемлекеттік гранттар беру;

б) арнайы инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру;

в) бюджеттік қаражаттар есебінен займдар беру.

Қазақстанда кәсіпкерліктің дамуына ықпал ететін негізгі факторларды қысқаша сипаттауға болады:

Табыстылықтың және өсімнің кепілі ретінде жеке меншікті қорғау. Кәсіпкерліктің дамуы үшін жеке меншік институты кәсіпкерлері кез келген табыс алуды емес, алдағы уақытта өндірістің дамуы туралы ойлайды.

Кәсіпкерлікке толықтай қолдау жасау саясатын жүргізу. Бұл саясат кәсіпкерлікті мемлекеттік даму бағдарламасы етіп жариялады, кәсіпорын ашудың еркіндігін беруді, өндірістік қызметтің еркіндігін, жарғылық капитал талаптарына шек қояды мәлімдейді.

Импорттық тауарларға эмбарго жария-

лау. Отандық тауар өндірушіні қорғау үшін, импорттық тауарларға эмбарго жарияланып жатыр. Елге тамақ өнімдерінен бастап, машиналар мен механизмдерге дейін барлық тауарларды әкелген кезде америкалық кәсіпкерлерді қорғау үшін осындай шаралар қолданылды. Өз кезінде осындай саясат отандық кәсіпкерлерді сыртқы бәсекеден қорғауға, айналымдарын өсіріп алып, соңынан шетелдік фирмалармен бәсекеге түсуге мүмкіндік берді.

Салықтық тарифтерді төмендету. Егер салықтар деңгейі теңгерімдік табыстан артық болса (45-50 %), бюджетке түсім көлемінің өсуі әуелі тоқтап, кейіннен төмендей бастайтыны белгілі: кәсіпкерлер салық төлеуді доғарады, бұл салықтық базаның қысқаруына әкеледі. Бұл эффект «Лаффер қисығы» деп аталады және ТМД елдерінде де, біздің елде де байқалады.

Банктік жүйедегі өзгерістер. Кәсіпкерлікті дамытудағы қиын мәселелердің бірі фирмаларды қаржылық қамтамасыз ету. Бастапқы кезеңде, кәсіпкерлердің қолында қаражат жоқ кезінде банктік несиелер қаржыландырудың жалғыз шешімі болып табылады. Пайыздық мөлшерлемелерді төмендету, несиелендіру мерзімін ұзарту кәсіпкерлік белсенділік танытудың маңызды факторы болып табылады.

Шетелдік инвестицияларды тарту – қаржыландырудың екінші көзі, нақты инвестициялар түрінде ғана емес, технология, «ноу-хау» түрінде көмек алуға мүмкіндік береді.

Кәсіпорын, корпорация құру, акция шығару тәртіптемесін жеңілдету. Шектеулі жауапкершілік механизмін енгізу кәсіпкерлік қызметті белсендіреді. Кәсіпорынды тіркеу тәртіптемесін жеңілдету, анықтамалар, талаптар санын қысқарту уақытты үнемдеп қана қоймай, кәсіпкерлердің кәсіпкерлік құру процесіне қол жетімділігін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік бағдарламаларда шағын кәсіпкерлікті қолдаудың – негізгі және қамтамасыз ететін екі түрі бөліп көрсетіледі. Негізгі бағдарламалардың мақсаты – кәсіпкерлік қызметті жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау. Қамтамасыз етуші бағдарламалар шағын кәсіпорындарға сәйкес кәсіпкерлік инфрақұрылымын құруға, ресурстардың қажетті түрлерімен (материалдық, еңбек, қаржылық, ақпараттық) қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Жана құрылып жатқан кәсіпорындарға қатысты мемлекеттің саясаты көп еңбекті, мем-

лекеттік қызмет тарапынан көп ұйымдастырушылық күштерді жұмылдыруды талап етеді, ол келесі 6 бағыт бойынша топтастырылуы мүмкін:

- шағын кәсіпорындарға көмек көрсету;
- шағын кәсіпкерлікті қаржылық қолдау;
- кәсіпорынды басқарудың тиімді жүйесін (менеджментін) құруда көмек көрсету;
- шағын кәсіпкерлікті ақпараттық қолдау;
- кәсіпкерлік белсенділікті тиісті салық салу жүйесімен және басқа да реттеу механизмімен ынталандыру;
- қоғамда кәсіпкерлік климат орнату.


Кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымы жеке кәсіпкерлік қызмет құру, дамытуға қолайлы жағдай туғызатын шаралар кешенін сипаттайды. Қазақстан Республикасында осындай ұйымдар қатарына мемлекеттік және мемлекеттің тарапынан құрылған ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар, халықаралық және шетел ұйымдары, коммерциялық ұйымдарды жатқызуға болады. Функционалдық бағыттылығына байланысты

инфрақұрылым институттарының құрылымы төмендегідей анықталады: кәсіпкерліктің қалыптасуы, қызмет етуі, және дамуы кезінде мемлекеттік жәрдем беру және қолдау, қаржылық көмек, ақпараттық-сараптамалық көмек, білім беру және кадрлардың біліктілігін арттыруда материалдық-техникалық көмек көрсету.

1-суретте ҚР шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік және мемлекеттік емес институттарының жүйесі берілген.

Мемлекеттік институттар жүйесі шағын кәсіпкерлікті қолдау бойынша орталық Уәкілетті мемлекеттік орган – ҚР Индустрия және сауда министрлігі, «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, Қала және облыс әкімдіктері жанындағы департаменттерден тұрады.

Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік емес институттарының жүйесіне кәсіпкерлердің өңірлік және салалық қоғамдық бірлестіктері – кәсіпкерлік инкубаторлар мен технологиялық парктер кіреді.



1-сурет – Шағын кәсіпкерлікті қолдау бойынша арнайы институттар жүйесі

Елдегі шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік құрылымының келесі деңгейі – облыс, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің аппараттары. Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін әкімдіктердің жанынан Кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменттер (басқармалар) құрылған, олардың құрамына кәсіпкерлік бөлімдер кіреді. Облыстық, Астана және Алматы қалаларының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменттері өздерінің құзыры шегінде шағын кәсіпкерлікті қолдауды жүзеге асыруға уәкілетті. Шағын кәсіпкерлік саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру тізбесіндегі соңғы буыны – республиканың қала және аудан әкімдері аппараттары болып табылатын аумақтық атқарушы органдар, олардың құрамындағы экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімдері және экономика және қаржы бөлімдері кәсіпкерлік мәселелерімен айналысуға міндетті.

Кәсіпкерлік органың бастамаларын жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар туғызу және резидентпен қойылған тапсырмаларды орындау мақсатында Үкімет әкімдер аппараттары қарамағында кәсіпкерлік істері жөнінде комиссиялар құру арқылы кәсіпкерлермен «кері байланыс» орнату сызбанұсқасын әзірлеген және жүзеге асырған.

Кәсіпкерлермен осындай «кері байланысты» орталық атқарушы органдар деңгейінде құру үшін Қазақстан Республикасы Президентінің қарамағында Кәсіпкерлер кеңесі құрылған. Президент қарамағындағы Кәсіпкерлер кеңесі кәсіпкерлерден, кәсіпкерлік істер жөніндегі қауымдастықтар мен Комиссиялардан түскен ақпаратты жинақтау және өңдеу және кәсіпкерлік даму жолында кездесетін кедергілерді жою мақсатында Президентке, Парламентке, Үкіметке нақты ұсыныстар жасау үшін құрылған. Қолдаудың барлық нысандары мемлекетпен атқарушы органдар арқылы жергілікті және аумақтық деңгейде қабылданатын түрлі бағдарламалар көмегімен, сонымен қатар мемлекеттің қатысуымен әдейі құрылған ұйымдар арқылы да жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына байланысты Үкіметтің алдына әкімшілік тосқауылдарды жою және кәсіпкерлік-климатты жақсарту бойынша міндеттер тұр.

Қазіргі уақытта Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесін ғана қамтып қоймай, басқару аппараты қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруды көздейтін әкімшілік реформа жүргізілуде, ол мемлекетке тән емес функциялар мен активтерді бәсекелестік ортаға тапсыру жолымен кәсіпкерлік қызметтің әкімшілік тосқауылдарына кедергі болу мақсатын жүзеге асырады. Осы тұжырымдамалық ережелер «Қазақстан-2030» стратегиясында, кейіннен әкімшілік тосқауылдарға жалпы, сонымен қатар нақты бағдар беретін, сондай-ақ оларды жеңудің мүмкін болар жолдарын айқындаған Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы жолдауларында көрініс тапты.

Сонымен, қазіргі жағдайда кәсіпкерлік қызметке әкімшілік жүктемені төмендетуді мемлекет үш бағытта жүзеге асырады: бірінші бағыт жеке кәсіпкерлік субъектісін (заңды тұлға құрмай, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға немесе заңды тұлға, тәртіп бойынша ЖШС, ШҚ және т.б.) – тіркеу, лицензиялау, аккредитациялау. Екіншісі – кәсіпорынның өнім нарығына қол жетімділікті ұйымдастыруға байланысты (сай келуін дәлелдеу, сертификаттау). Үшінші бағыт – жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне және нарықтағы өнім айналымын бақылау жасау [4].

Кәсіпкерлік қызметтің белгілі бір түрлерімен айналысуға лицензия берумен (тоқтата тұру, алып қою) және лицензия беретін органдардың кәсіпкерлердің лицензияланған қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде тиісті лицензиялық талаптарды және жағдайларды сақтауын бақылауға байланысты мемлекеттік органдардың қызметі кәсіпкерлік қызметті лицензиялау болып табылады.

«Лицензиялау туралы» ҚР Заңында лицензияланатын қызметтің 100 түрі және 249 қосалқы түрі анықталған. Қазақстан Республикасының экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2008-2010 жылдарға арналған стратегиялық жоспарына байланысты 2011 жылы олардың саны үш есе азайды [5].

Бұрын қолданыста болған 1995 жылғы «Лицензиялау туралы» заңға бірнеше рет өзгертулер енгізілгенін атап өту қажет, бірақ ол қойылған стратегиялық міндеттерге толықтай жауап берген жоқ. Сондықтан Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес жаңа бағылымда шешім жүйелерін әрі қарай жетілдіру,

кәсіпкерлік жүргізу тәртіптемелерін оңайлату жөнінде лицензиялау туралы заң қабылданған болатын.

Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен бірлесе отырып, мемлекеттік ведомстволар, кәсіпкерлік өкілдері «Лицензиялау туралы» жаңа заң және қосарлана «Қазақстан Республикасының лицензиялау мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірлеп шығарды.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы № 214 «Лицензиялау туралы» жаңа заңы қолайлы іскерлік ахуалды қалыптастыруға, кәсіпкерлікке бюрократиялық қысымды әлсіретуге, шаруа қызметтерінің барлық қатысушылары үшін экономикалық бостандық деңгейін жоғарылатуға бағытталған.

Оны дайындау кезінде лицензиялау аясындағы алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибе талданған, лицензиялық заңнамада бар оң және теріс сәттерді анықтау бойынша жұмыс жүргізілген. Мемлекеттік шешім жүйесін қалыптастыру мәселелері бойынша Комиссияның бірнеше отырысы өткізілді. Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі кәсіпкерлердің қатысуымен «дөңгелек үстелдер» ұйымдастырылды, елдің жеті ауданында лицензиялау жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша семинарлар жүргізілді.

Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде лицензиялау жүйесінде проблемалар анықталды. Заңда көрсетілген лицензиялау түрлерінің тізімімен қатар лицензияланған жұмыс пен заңдық актілер деңгейіндегі қызмет түрлерінің санының өсуі болып жатыр. Бұдан басқа, басқа да шешілетін тәртіптемелермен (рұқсат шешімдер, қорытындылар, келісімдер) қатар лицензиялаудың нақты қайталаулары жиі болып тұрды. Сондай-ақ лицензиялаудан кейінгі бақылау механизмдерінің реттелмегендігін, заңдық актілер деңгейінде лицензия берудің тәртібі мен тәртіптемелерінің қиындығын атап өтуге болады. Сондықтан «Лицензиялау туралы» заңның жаңа басылымында төмендегілер қарастырылады:

– лицензияланатын қызметтің түрлерін 5-10 есеге қысқарту және тәртіпке келтіру.

Егер 2001 жылдың 1 қаңтарында қызметтің 176 лицензияланған түрі мен 900 тармағы анықталған болса, жаңа заң жобасы бойынша қызметтің 100 түрі мен 249 тармағы анықталған.

Осылайша, 2004 жылмен салыстырғанда қызметтің лицензияланған түрлері мен тармақтары үш есеге қысқарды.

Заңмен қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан лицензия алуға ниет білдірген 27 қызметтің түрі анықталды [5];

– лицензия беру тәртіпке келтірілген. Енді лицензияланатын қызметтің түрі лицензияның өзінде, ал лицензия қосымшасында лицензияланатын қызмет түрлерінің тармақтары көрсетіледі. Қазір алынған лицензияның елдің барлық аумағында да күші бар болады. Бір реттік және қызметке жататын операциялармен байланысты қызметтің жеке түрлерінен бөлек лицензия мерзімінің шексіздігі заңды түрде бекітіледі. Бұдан басқа, бірыңғай технологиялық үрдіске кіретін қызмет түрлерінің лицензиялауға жатпайтындығын қарастыратын «бірыңғай технологиялық үрдіс» термині мен нормасы енгізілген;

– лицензия беру тәртіптемесі маңызды түрде оңайлатылған. Заң жобасы лицензия алу кезінде «бір терезе» қағидатын енгізген, яғни енді лицензия алуға ШКС-ға 10 күн қажет. Сондай-ақ лицензиат барлық бақылаушы органдардан өту қажеттілігінен арылған, бұл сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың себебі бола алады.

«Жеке кәсіпкерлік туралы» заң нормасын есепке ала отырып, берілген мерзімде лицензия беруден бас тартқан жағдайда арызданушы бес жұмыс күні өткен соң жазбаша түрде лицензиарға мәлімденген қызмет түрінің жүзеге асырылуы туралы ескертеді. Сонымен бірге лицензиар арызданушының жазбаша ескеруін алған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде кешіктірмей арызданған қызмет түріне жазбаша ескертуде арызданушы көрсеткен күнмен лицензия беруге міндетті;

– қызметтің жеке түрлерінің қатынасында әртүрлі қайталаушы шешім тәртіптемелерін болдырмау қарастырылған, олар: сертификаттау, аккредитациялау, стандарттау және рұқсат шешімі. Сонда мемлекеттік шешім жүйесінен алты түрлі шешімді алып тастау қарастырылып жатыр.

Бұдан басқа, лицензиядан айыру тәртіптемесі тек қана соттық тәртіпте жүргізіледі.

Одан басқа, «Лицензиялау туралы» жаңа ҚР Заңына сәйкес кәсіпкер үшін лицензия алу кезеңдері төрттен аспайды: кәсіпкерлер талап ететін құжаттарды беру, мамандар берген құжаттарды сараптау және пайдаланушы

мамандарға байланысты, лицензия беру немесе бас тарту, кәсіпкер қабылдаған шешімге шағымдану мүлдем реттелмейді.

Шағын және орта бизнес субъектілерінің жеңілдік несиелік ресурстарға кеңінен қол жеткізуі үшін «Даму» қоры шағын және орта бизнесті қолдаудың төмендегідей қаржылық құралдарын әзірлеген болатын:

2009-2012 жылдарға арналған «Даму-Қолдау» Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері мен ауылшаруашылық өнімдерін өңдейтін және тамақ өнімдерін шығаратын ұйымдарды тікелей несиелендіру бағдарламасы. Бағдарламаның мақсаты – шағын және орта бизнестің сапалы дамуына және олардың Қазақстан Республикасының экономикасын әртараптандыру барысындағы рөлін күшейтуге ықпал ету.

Франчайзингті дамыту. Бағдарламаның мақсаты – өзінің қызметін ұлттық және шетелдік коммерциялық кәсіпорындардың сәтті үлгісін қайталау арқылы жүзеге асырып отырған шағын және орта кәсіпкерлікке инвестициялық қолдау жасау;

Орта және шағын кәсіпкерліктің несиелерін кепілдендіру бағдарламасы. Бағдарламаның мақсаты – шағын және орта бизнес субъектілерінің несиелік ресурстарға кеңейтілген және тең түрде қол жеткізуі мақсатында оларға екінші деңгейлі банктердің алдындағы міндеттемелерін орындау жөніндегі жартылай кепілдіктерді ұсыну арқылы қолдау.

Аймақтардағы нүктелік қаржыландыру бағдарламалары. Бағдарламаның мақсаты – шағын және орта бизнесті қолдау мен дамыту жөніндегі аймақтық бағдарламаларды жүзеге асырудың тиімділігін сол аймақ үшін басымдылыққа ие болатын салалардағы немесе жекелеген аймақтық бірліктердегі жобаларды қаржыландыру арқылы арттыру.

Лизингілік компанияларда негізделген түрде жайғастыру бағдарламасы. Бағдарламаның мақсаты – лизингілік мәмілелерді жеңілдік шартпен қаржыландыру арқылы экономиканың басымдылыққа ие салаларындағы шағын және орта бизнестің мүмкіндіктерін кеңейту және негізгі құралдарын жаңарту мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Пайыздық мөлшерлемені субсидиялау бағдарламалары. Бағдарламаның мақсаты – экономиканың басымдылыққа ие салаларындағы жобаларды жүзеге асырып жатқан шағын және

орта кәсіпкерлік субъектілерін олардың банкілік займдар бойынша пайыздарын төлеу жөніндегі шығындарын азайту арқылы қолдау.

Аймақтардағы пайыздық мөлшерлемені жергілікті атқару органдарының қатысуымен субсидиялау. Бағдарламаның мақсаты – шағын және орта бизнес субъектілеріне қолдау мен дамытудың аймақтық бағдарламаларын жүзеге асырудың тиімділігін сол тұлғалардың банктік займдар бойынша пайыздарын төлеу жөніндегі шығындарын азайту арқылы арттыру.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің несиелік қоржындарын Қордың кепілдік етуімен қамсыздандыру. Бағдарламаның мақсаты – шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендірудің көлемін одан әрі арттыру мақсатында активтермен қамсыздандырылған құнды қағаздарды шығару арқылы қаржы тарту.

Кейінгі жылдарда кәсіпкерліктің жоғары қарқынмен дамып келе жатқандығына қарамастан, экономиканың аталмыш секторының сапалық тұрғыдан дамуына кедергі болып отырған бірқатар проблемалар орын алуда. Мұндай проблемаларға мыналар жатады:

– заңнамалық базаның жетілмегендігі – жеке кәсіпкерлік туралы заңдардың нормалары ескірген. Шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі бірқатар мәселелер бойынша нақты нормалар шығарылмаған, мұнысы әкімшіліктік тосқауылдардың көбеюіне және әрекеттегі заңдардың әртүрлі пайымдалуына әкеледі;

– кәсіпкерлік субъектілерін критерийлік тұрғыдан белгілеу мәселесі – кәсіпкерлік субъектілерін шағын және орта бизнес категориясына жатқызудың критерийлері әлемдік практикаға сәйкес келмейді. Төмендетілген құндылықтық критерийлер экономика мен бизнестің бүгінгі даму деңгейіне сай емес. Олар бизнестің жасанды түрде «бөлінуіне» ықпал етуде, отандық кәсіпкерлікті қолдау шараларының тиімділігі мен оның бәсекеге қабілеттілігін төмендетуде.

– салықтық жүйе жеткілікті дәрежеде дамымаған – Қазақстанның салық жүйесінде шағын бизнес ауқымының өсуіне және оның біртіндеп орта бизнеске айналуына арналған экономикалық стимулдар қарастырылмаған;

– әкімшілік тосқауылдар – әкімшілік тосқауылдардың болуы шағын және орта бизнестің дамуына елеулі кедергісін тигізуде. Алайда оларды кешенді талдау осы мәселені

бұрынғысынан да тиімді шешудің жолдарын ашуда;

кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының нашар дамуы және үзінділік сипатқа ие болуы – Қазақстанда орын алып отырған шағын және орта бизнесті қолдау инфрақұрылымы шағын және орта бизнесті дамыту шараларын қолдауды қамтамасыз етпейді және жоғары транзакциялық шығындарға негіз болуда;

шағын және орта бизнес өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі – қормен жеткілікті деңгейде жаратандырылмауы, негізгі құралдардың жоғары тозу деңгейі мен төмен дәрежедегі жаңартылуы, сондай-ақ тұтастай шағын және орта бизнес секторының төмен технологиялығы еңбек өнімділігін, шағын және орта бизнес өнімдерінің экономикалық тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін төмендетуде;

қаржы ресурстарына қол жеткізу қиындығы – әлемдегі қаржы дағдарысы шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландырудың жетіспеушілігі мәселесін одан әрі шиеленістіріп жіберді. Мемлекеттік Тұрақтандыру бағдарламасын уақытында жүзеге асыру дағдарыстық құбылыстардың шағын және орта бизнес секторына жағымсыз әсерін ішінара бәсеңдетуге мүмкіндік берді.

Қорытындылай келе, аталған шаралар өз деңгейінде жүзеге асырылған жағдайда, халық шаруашылығы дамып, әлеуметтік проблемалары жақсарып шешіледі және де жұмыспен қамтылған қызметкерлер саны ұлғаятын болады. Бұл өз кезегінде Қазақстан экономикасының дамуында кәсіпкерлік фирмалардың қарқынды жұмыс істеуінің негізгі нәтижелері болып саналады.

#### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
- 2 Жеке кәсіпкерлік туралы 2006 ж. 31 қаңтарындағы №124-III Қазақстан Республикасының Заңы (2008.05.07. берілген өзгерістер мен толықтырулар).
- 3 Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы 1997 ж. 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы.
- 4 Манабаева И. Шағын және орта бизнестің экономикадағы маңыздылығы мен артықшылықтары және кемшіліктері: Экономика негіздері. – 2009. – №5. – 8-13 б.
- 5 «Лицензия беру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 ж. 11 қаңтарындағы Заңы.

#### References

- 1 Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenti – Elbasy N.A.Nazarbaevtyyn « Kazakhstan-2050» Strategiyasy kalyptaskan memlekettin zhana sayasi bagyty atty» Kazakhstan halkyna Zholdauy
- 2 Zheke kasipkerlik turaly 2006 zh. 31 kantaryndagy № 124-III Kazakhstan Respublikasynyn Zany (2008.05.07. berilgen ozgerister men tolyktyrular).
- 3 Shagyn kasipkerlikti memlekettik koldau turaly 1997. 19 mausymdagay Kazakhstan Respublikasynyn zany.
- 4 Manabaeva I. Shagyn zhane orta biznестin ekonomikadagy manyzdylygy men artykwylyktary zhane kemwilikteri; Ekonomika negizderi. – 2009. – №5. – 8-13 b.
- 5 «Licenziya беру turaly»Kazakhstan Respublikasynyn 2007 zh. 11 kantaryndagy Zany.